

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ЖОБА**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ  
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ  
«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ»  
атты  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Ақтау 2025 ж.**

**Бағдарлама авторы:** К.Т. Кыстаубаева – Yessenov University, «Дене тәрбиесі және спорт» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

**Бағдарлама:**

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

## Жалпы ереже

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленген:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 мамырда № 20567 болып тіркелген бұйрығы негізінде жасалды.

Дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған, курс 80 сағатты құрайды.

## Глоссарий

**Дене дайындығы** – әр түрлі әрекеттердің (әскери, спорт, өнеркәсіп) талабына сай дамытылған дене қасиеттерінің, қимыл дағдысының нәтижесі. Ол жалпы және арнайы дене дайындығы деп бөлінеді.

**Жалпы дене дайындығы** – жалпы әр түрлі және бір спорт немесе кәсіп түріне қарай бағытталған дене тәрбиесі үрдісі.

**Арнайы дене дайындығы** - арнайы бір спорт немесе кәсіп түріне қарай бағытталған дене тәрбиесі үрдісі.

**Дене қуатының дамуы** – адам ағзасының табиғи және мақсатты жолмен өсуі. Табиғи жолмен өскенде баланың морфофункционалдық көрсеткіштері: бойы, салмағы, дене мүшесі көлемі өзінің табиғи өсу жолымен өзгереді. Мақсатты жолмен өсуі әр түрлі арнаулы құрастырылған жаттығулар көмегімен өседі, өзгереді.

**Спорт** – әр түрлі жаттығулардың көмегімен жоғары жетістіктерге бағытталған өнер түрі. Спорт көпшілік спорты және жоғарғы жетістіктер спорты деп екіге бөлінеді. Жоғары жетістіктер спорты – жоғарғы көрсеткіштерге бағытталған жеңімпаздар, рекордшылар спорты. Көпшілік спорты - барлық адамдар қатыса алатын, қатысулар санына шек қойылмайтын спорт түрі. Мысалы, көп адамдар қатысатын кросс, шаңғы жарыстары т.б. Жоғары жетістіктер спорты: әуесқой және кәсіпқой спорт деп бөлінеді. Әуесқой спортшылар бір жерде жұмыс істеп, не оқып жүріп бос уақыттарында спорт түрлерімен айналысу арқылы бір жағынан жетістіктер, жоғары көрсеткіштер көрсету болса, екінші жағынан жұмыс түрі, олар күні бойы жаттығады, сол үшін ақша алады.

**Денені тынықтыру** – жаттығулар жасау арқылы белсенді демалыс ұйымдастыру. Ол дене тәрбиесі жаттығуларының көмегімен халықтың көңілін көтереді, бір әрекеттен екінші әрекетке көшіреді.

**Денені қалыпқа келтіру** – адам организмінің жарақат алып ауырған функцияларын жаттығулар, массаж, монша буы, су процедуралары арқылы емдеу, қалпына келтіру.

**Денені жетілдіру** – адамның дене қасиетін үйлесімді дамыту және жан-жақты дайындығын жоғарғы деңгейге жеткізу.

**Дене туралы білім** – адамды қимыл ептілігі мен дағдысына үйрету және теориялық біліммен қаруландыру.

### Бағдарлама тақырыбы

| №   | Модуль тақырыптары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | Сағат саны | Оқыту әдістері       | Жауапты оқытушы  |
|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|----------------------|------------------|
| 1   | <b>Нормативтік құқықтық модуль</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 4 сағат    |                      |                  |
| 1.1 | Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы; «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы; «Мәртебесі туралы» ҚР Заңы; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы; «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы; «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы; «Мәртебесі туралы» ҚР Заңы; | 2          | Презентация, семинар | Кыстаубаева К.Т. |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының дене тәрбиесі жүйесінің негіздері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 2          | Презентация, семинар | Кыстаубаева К.Т. |

|      |                                                                                                                                                                                           |          |                                         |                  |
|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-----------------------------------------|------------------|
| 2    | <b>Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары модулі.</b>                                         | 40 сағат |                                         |                  |
| 2.1  | Білім беру саласында дене тәрбиесі жұмыстарын ұйымдастыру түрлері, оқушылардың үлгерімін бақылау әдістері мен технологиялары.                                                             | 4        | Презентация, семинар                    | Кыстаубаева К.Т. |
| 2.2  | Жеңіл атлетика бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                          | 4        | Презентация, семинар                    | Мендалиев Б.М.   |
| 2.3  | Волейбол бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                                | 4        | Презентация, семинар                    | Молдханов И.О.   |
| 2.4  | Баскетбол бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                               | 4        | Презентация, семинар                    | Ахметов Н.А.     |
| 2.5  | Футбол бойынша бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                          | 4        | Презентация, семинар, тәжірибелік сабақ | Молдханов И.О.   |
| 2.6  | Ұлттық спорт түрлері бойынша оқу сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                    | 4        | Презентация, семинар, тәжірибелік сабақ | Суйебаев К.К.    |
| 2.7  | Ұлттық ойындар бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                          | 4        | Презентация, семинар, тәжірибелік сабақ | Мендалиев Б.М.   |
| 2.8  | Гимнастика бойынша оқу-сабақтарын оқытудың заманауи әдістері                                                                                                                              | 4        | Презентация, семинар                    | Кыстаубаева К.Т. |
| 2.9  | Білім беру үдерісінде «Олимпиадалық білім» пәнінің интеграциясы                                                                                                                           | 12       | Презентация, электронды оқулық          | Ахметов Н.А.     |
| 2.10 | Инклюзивті оқыту шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары: инклюзивті білім берудің принциптері мен бағыттары | 4        | Презентация, семинар                    | Кыстаубаева К.Т. |
| 3    | <b>Сабақтан тыс үйірме және бұқаралық дене шынықтыру және спорттық шаралар модулі</b>                                                                                                     | 36 сағат |                                         |                  |
| 3.1  | Тоғызқұмалақ бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи аспектілері                                                                                                                          | 8        | Тәжірибелік сабақ                       | Мендалиев Б.М.   |

|     |                                                                      |    |                   |                |
|-----|----------------------------------------------------------------------|----|-------------------|----------------|
| 3.2 | Спорттық ойындар бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи аспектілері | 8  | Тәжірибелік сабақ | Молдханов И.О. |
| 3.3 | Үстел теннисі бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи аспектілері    | 10 | Тәжірибелік сабақ | Ахметов Н.А.   |
| 3.4 | Жүзу бойынша оқу-жаттығу процесінің заманауи аспектілері             | 10 | Тәжірибелік сабақ | Ахметов Н.А.   |
| 4   | <b>Барлық сағат саны</b>                                             | 80 |                   |                |

### **Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелер**

**Мақсаты:** Жаңашыл көз қарасты, қазірі уақыт талабына сай білім меңгерген Дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

#### **Міндеттері:**

- Нормативтік-құқықтық негіздерді зерделеу;
- Оқушылардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру;
- Оқытудың заманауи технологияларын зерделеу;
- Сабақтан тыс үйірме және бұқаралық дене шынықтыру және спорттық шараларды ұйымдастырудың заманауи әдістерімен таныстыру.

#### **Күтілетін нәтиже:**

Оқу нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктер:

- Нормативтік құжаттармен жұмыс істейді;
- Дене шынықтыру пәні бойынша сабақты жүйелі жоспарлайды, ұйымдастырады, заманауи әдістерді қолданады;
- Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін көрсетеді;
- Сабақтан тыс үйірме және бұқаралық дене шынықтыру және спорттық шараларды ұйымдастырады және өткізеді.

### **Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Тыңдаушыларда белгіленген мақсат пен міндеттерге сәйкес келетін кәсіби білімді, дағдыларды қалыптастыру үшін бағдарлама 3 модульді игеруді және курстық жобаны қорғауды қарастырады.

Зерттелген тәжірибе мұғалімге курстық оқыту процесінде жасалған оқу материалдарын өз тәжірибесінде және жұмыс орнында әзірлеуге және пайдалануға мүмкіндік береді.

Педагогтарды оқыту кәсіптік білім беру үшін педагогикалық шешімдерді, еуропалық тәсілдерді, білім алушыларға бағдарлауды, еңбек өміріндегі ынтымақтастықты және практикалық мысалдарды қамтиды.

Біліктілікті арттыру курстарында тыңдаушыларға өздерінің педагогикалық қызметінде пайдалану үшін жұмыс әдістері мен практикадан мысалдар ұсынылады.

Курстық оқытудың жалпы көлемі 80 академиялық сағатты құрайды.

### **Оқу процесін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары күндізгі оқу нысанында 2 апта ішінде 80 сағатты құрайтын, бағдарламаның теориялық бөлімін өз бетінше меңгеруді және практикалық жұмысты қамтитын оқыту түрінде ұйымдастырылады.

Оқытудың негізгі әдістері мен жұмыс түрлері: интерактивті лекция, зерттеушілік әңгіме, сыни ойлауды дамыту технологиясы, зертханалық тәжірибелер, ауызша сұрау, конспектілеу.

### **Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

| <b>№<br/>п/п</b> | <b>Модуль тақырыбы</b>                                                                                                                     | <b>Сағат</b> | <b>Дәріс түрі</b>                | <b>Оқу-<br/>әдістемелік<br/>жағынан<br/>қамтамасыз<br/>етілуі</b> |
|------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------|
| 1                | Нормативтік құқықтық модуль                                                                                                                | 4            | Баяндама,<br>Презентация<br>Жоба | Презентация                                                       |
| 2                | Білім беру сапасын арттыру контексінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, дене шынықтыруды оқытудың заманауи технологиялары модулі. | 40           | Баяндама,<br>Презентация<br>Жоба | Презентация,<br>оқу<br>әдістемелік<br>құрал                       |
| 3                | Сабақтан тыс үйірме және бұқаралық дене шынықтыру және спорттық шаралар модулі                                                             | 36           | Баяндама,<br>Презентация<br>Жоба | Презентация                                                       |

### **Оқу нәтижелерін бағалау**

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау - сабақ барысында формативті бағалау, курсты аяқтағаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері бойынша жоба түрінде жүзеге асырылады.

Біліктілігін арттырудың бұл бағдарламасы негізгі білім беру мақсатын көздейді, сондықтан оқу нәтижелерін бақылау сабақ барысында зерттеушілік әңгіме түрінде жүзеге асырылады.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық формада және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

## **Курстан кейінгі қолдау**

Курстан кейінгі қолдау конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және т.б. қатысу үшін ғылыми мақала дайындауға бағыт беру. Тыңдаушылар таңдаған бағдарламаға сәйкес келетін тиісті әдістемелік, нормативтік және техникалық материалдар мен әдебиеттерді ала алады.

### **Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

1. Сихымбаев Қ.С. Килибаев А.А. Спорттық ойындар: Оқулық. – Алматы:ЖШС Лантар трейд, 2021.-320б.
2. Сихымбаев Қ.С. Килибаев А.А. Жоғарғы оқу орнындағы дене тәрбиесі. Оқулық.-Алматы:ЖШС Лантар трейд, 2021.-340б.
3. Мәутенбаев, А.Ә. Спорттық медицина [Мәтін]: оқу құралы / А.Ә. Мәутенбаев, А.Б. Еланцев.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 342 б
4. Теория и методика физического воспитания детей младшего школьного возраста с практикумом. Под ред. Т.Ю.Торочковой. 5-е изд. Испр. Москва. Академия. 2020.272с.
5. Кожухова Н.Н. Рыжкова Л.А. Борисова М.М. Методика физического воспитания и развития ребенка. Уч.пособие. 2-е изд. Перераб. И доп. Под ред. С.А. Козловой. Москва. ИНФРА-М. 2023. 312с.
- 6.Шилибаев Б.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі:оқу құралы.-Алматы:Альманахъ,2019.-165б.
7. Джекенов П.С. Бекбергенова М. Уразова Г.М. Спорт мектептеріндегі қол добын ұйымдастыру-әдістемелік ерекшеліктері. Оқу құралы. Алматы. Альманах. 2022. 164б.
8. Сихымбаев Қ.С. Килибаев А.А. Жоғарғы оқу орнындағы дене тәрбиесі. Оқулық.-Алматы:ЖШС Лантар трейд, 2021.-340б.
9. Әлімханов, Е. Спортшының спорттық жаттығу жүктемелеріне бейімделуі [Мәтін]: оқу құралы / Е Әлімханов, Д. Оңғарбаева, Г. Мадиева.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 86 б.
10. Мартыненко, И.И. Теория и методика спортивных игр (специализация) [Текст]: учебное пособие / И.И. Мартыненко.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.- 166 с
11. Подпорина С.Г. Спортивное ориентирование в вузе: учебное пособие.- Алматы: Қазақ университеті, 2023.– 152 с.
12. Андрущишин, И.Ф. Психолого-педагогические проблемы подготовки спортсменов [Текст]: учебное пособие / И.Ф. Андрущишин, Г.Д. Бабушкин.- Алматы: Лантар books, 2020.- 407 с.